

Ашық сабаққа қош келдіңіздер!



Үйге берілген тапсырма:

**Қазақстан
Республикасының
Парламенті**

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

1. Қазақстан Республикасының Парламенті қандай орган?

ҚР Парламенті – Қазақстан Республикасындағы заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілетті орган

2. Парламент неше палатадан тұрады? Оларды ата.

Ол екі палатадан: Сенат пен Мәжілістен тұрады.

3. Сенат қандай палата?

Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі неше жыл?

Сенат – ҚР Парламентінің жоғарғы палатасы. Өкілеттік мерзімі – 6 жыл.

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

4. Мәжіліс қандай палата? Мәжіліс депутаттарының өкілеттілік мерзімі неше жыл?

Мәжіліс – ҚР Парламентінің төменгі палатасы. Өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

5. Сенаттың құрамы қандай?

Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындаған 15 депутаттан, және әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан екі адамнан сайланады. Барлығы 47 депутат (болашақта олардың саны орнынан кеткен президенттер қатарынан көбейеді).

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

6. Мәжілістің құрамы қандай?

Мәжілістің құрамы партиялық тізім бойынша сайланатын – 98 және Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын – 9 депутаттан, барлығы – 107 депутаттан тұрады

7. Депутаттық топ қандай бірлестік болып табылады?

Депутаттық топ – депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыру, сайлау округтерінде бірлесіп жұмыс істеу үшін құрылатын бірлестігі

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

8. Фракция деген не? Ол қандай мақсатта құрылады?

Фракция – депутаттардың ұйымдасқан тобы. Фракция Парламентте саяси партияның немесе өзге қоғамдық бірлестіктің мүддесін білдіру мақсатында құрылады

9. Палаталардың бірлескен отырысында Парламент қандай мемлекеттік мәселелерді қарайды?

ҚР Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер енгізеді, Республикалық бюджетті бекітеді, Президентке бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттілігін беруге құқылы, соғыс және бітім мәселелерін шешеді, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және алып тастайды, рақымшылық жасау мәселелерін шешеді, халықаралық шарттарды ратификациялайды, т.б.

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

10. Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының өкілеттігі қандай?

Депутат парламент сессиясында барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады, депутаттық сұрау салуға, қабылданатын заңдардың, қаулылардың жобаларына түзетулер енгізуге құқылы, т.б.

11. Депутаттар сайлаушылармен қандай жұмыстар атқарады?

Парламенттік демалыс кезінде депутаттар өздерінің сайлау округтеріне барып, сайлаушылармен кездесіп, олардан түскен шағымдарды қарауы керек

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

12. Парламенттің жұмыс тәртібі қандай?

Парламент өзінің жұмысын сессия тәртібімен жүргізеді. Сессия палаталардың біріккен және оңаша Палаталарынан, Палаталардың тұрақты комитеттері мен бірлескен комиссияларынан тұрады. Парламент сессиясын Республика Президенті ашады.

13. Мәжілістің ерекше қарауына қандай мәселелер жатады?

Конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау, Республика Президентіне Республика Премьер-министрін тағайындауға келісім беруі, Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау, т.б.

Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

14. Сенаттың ерекше қарауына қандай мәселелер жатады?

ҚР Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын, судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау, Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру, т.б.

15. Заң жобаларының қабылдану үрдісі қалай жүреді?

Заң шығару ынтасы кұқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек Мәжілісте жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттары мақұлдаған заң жобасы Сенатқа беріледі, онда 60 күннен асырылмай заң қаралады. Сенаттың үштен екісі мақұлдаған жоба заңға айналады, он күн ішінде қол қою үшін Президентке ұсынылады. Президент бір ай ішінде заңға қол қояды.

Мемлекеттік билік тармағы

Заң шығарушы


Атқарушы

Сот




Атқарушы биліктің жоғары органы ретінде Үкіметке Конституцияда бекітілген кең өкілеттіктер берілген.

1. Экономика саласында:



2. Әлеуметтік салада:



3. Ғылым, білім, техника, мәдениет саласында:



Ғылым мен техниканы, мәдениетті, білім беруді дамыту, жаңа технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырады

4. Әкімшілік-саяси басқару саласында:



Министрліктердің, орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді




Президенттің және Үкіметтің өзінің шығарған актілерінің орындалуын бақылайды




Министрліктер мен Үкіметке кірмейтін орталық атқарушы органдар (ведомстволар) туралы ережелерді, оларды ұстауға бюджеттен бөлінетін қаржының көлемін бекітеді

5. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту саласында:



6. Сыртқы саясат саласында:



Премьер-министрдің өкілеттіктері:

Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасындағы қызметтік міндеттерді бөледі

Президентпен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен, басқа мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста Үкіметтің атынан өкілдік етеді

Халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды

Үкімет қаулыларына қол қояды. Президентке Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндап отырады

Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады


Үкімет мүшелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есебін тыңдап отырады. Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды

ҮКІМЕТТІҢ ЗАҢ ШЫҒАРУҒА ҚАТЫСУЫ

Үкімет өз құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша заң жобаларын жасап, оларды Мәжілістің қарауына енгізуге құқықты.



**ҮКІМЕТ ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛДЫНДА
ЖАУАПТЫ.**



ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ

Атқарушы органдарының жүйесіне Республика министрліктері мен комитеттері, жергілікті – облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктер кіреді. Жергілікті атқарушы орган – әкімшіліктің құрамына – әкім, әкімнің орынбасарлары, әкімнің аппараты, басқармалары мен бөлімдері кіреді.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды Мәслихат деп аталатын жергілікті өкілді және атқару органдары жүзеге асырады. Мәслихат депутаттарын 5 жыл мерзімге сайлайды.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

- ҚР Үкіметі қандай орган?
- ҚР Үкіметінің атқаратын қызметін атаңдар
- ҚР Үкіметін кім басқарады?
- Премьер-министрдің өкілеттіктері қандай?
- Үкімет заң шығаруға қатысады ма?
- Мәслихат қандай қызмет атқарады?
- Әкімшілікке қандай өкілеттіктер берілген?

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:

- §42, тақырып соңындағы сұрақтарға жауап дайындау.
- Қосымша сұрақтар:
 1. Үкіметтің өкілеттік мерзімін нақты белгілеу керек деп ойлайсың ба?
 2. «егер мен Премьер-министр болсам ...» атты шығарма жазу.

A vibrant field of yellow tulips in full bloom, set against a clear, bright blue sky. The flowers are the central focus, with their petals showing a rich yellow hue and some green stems visible. The background is a soft-focus field of more tulips, creating a sense of depth. The overall mood is cheerful and bright.

Назар аударғандарыызға көп-көп рахмет!